

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 ____ жылғы « ____ » _____

№ _____

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента

« ____ » _____ 20 ____ года

*2021 жылдың 6 қазанда жарияланды***Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары
Р.В. Склярға****Депутаттық сауал****Құрметті Роман Васильевич!**

Бүгінгі таңда біздің сайлаушыларды толғандыратын маңызды мәселелердің бірі негізгі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің, әсіресе нанның бағасы болып тұр. Бұл мәселе депутаттық сауалдарда бірнеше рет көтерілгенмен, әлі де өз шешімін таппай отыр. Биылғы көктем-жаз айларында сәбіз бен картоп бағасының 500-600 теңгеге дейін өсуі қоғамда үлкен резонанс тудырды. Алайда, Ауыл шаруашылығы министрлігі тарапынан ешқандай тұжырым жасалған жоқ.

Соңғы уақытта негізгі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдері бағасының өсуіне қатысты мәселелер көбірек көтеріліп келеді, халық бағалардың реттелмейтініне, тіпті кейде әртүрлі болатынына шағым жасауда. Мысалы, ең танымал 1-сұрыпты ұн 150-200 теңге аралығында сатылады және одан әрі өсу үрдісі бар. Ал ұн бағасы осы жазда 120-130 теңге деңгейінде болған.

Биылғы жылы қазақстандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін құрғақшылық салдарынан түсімнің төмендігі елеулі соққы болды. Алдын ала болжам бойынша біз 30% - ға дейін өнімге қол жеткізе алмаймыз. Сонымен қатар, уәкілетті органдардың жауапсыздығынан біз ЖЖМ-ның, әсіресе дизель отынының жоғары бағасын байқаймыз, литріне 300 теңгеге дейін жетіп, кей уақытта елдің жанармай бекеттерінде тапшы да болып қалады, мұның бәрі экономикалық диверсияға өте ұқсас, ал бұл Энергетика министрлігінің жауапкершілігі. Бүгіннің өзінде үшінші рет көтеріліп отыр. Сондай-ақ, тыңайтқыштардың, ауыл шаруашылығы техникасы құнының жыл сайынғы өсуін да атап өту қажет. Барлық осы факторлар жиынтығында астық бағасына әсер етті. Біреулер үшін жанар-жағармай бағасының күрт өсуі нормаға, жауапсыздық нормасына айналды, бұл үнемі, дәлірек айтқанда көктемгі егіс жұмыстары мен егін жинау кезінде орын алып келеді. Бұл туралы депутаттар да бірнеше рет мәселе көтерген болатын, бірақ бұрынғы жартас

сол жартас күйінде, бұл ауылшаруашылық мамандары үшін ең жауапты сәтте қасақана жасалатындай әсер қалдырады. Біреу тойып секіреді, біреу тоңып секіреді дейді халық.

Ұн тартушылар өсудің негізді екенін түсіндіруде. Соңғы айда астық 50% - ға, ал ұн небәрі 12-15% - ға өсті. Логика қайда? Не істеу керек? Ұн тартушыларға шикізат жетіспейді. Астық өңдеушілер қауымдастығы тапшылықтың қолдан жасалатынына жол береді. Өндірушілер бағаның одан әрі өсуін күтіп, астықты өздерінде ұстап қалуы мүмкін. Қазір жұмсақ бидай тоннасы шамамен 125 мың теңге тұрады.

Мамандардың айтуынша, жағдай шиеленіскен. Астықтың басым бөлігі экспортқа кетуде, мұнда оны өңдеу Қазақстан ішіндегі астыққа қарағанда арзан. Бұл қазірдің өзінде ұн тартушыларға әсерін тигізуде – олар өз нарықтарын жоғалтады және тұтастай бір сала үлкен проблемаларға тап болуы ықтимал.

Құрметті Роман Васильевич!

Егер жақын арада біз халықты үстеліндегі басты өніммен – қазірдің өзінде бағасы қарқынмен өсіп жатқан нанмен, макаронмен және жарма өнімдерімен қамтамасыз ету мәселесін шешпесек, оның салдары биылғы көктем мен жаз мезгіліне қарағанда ауыр болуы мүмкін.

Жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, тауар нарықтарында бидайдың жеткілікті көлемін сатып алу бойынша интервенция жүргізу үшін «Азық-түлік келісім шарт корпорациясы» ҰК АҚ мен тұрақтандыру қорларына Үкімет резервінен қосымша бюджет қаражатын бөлу мәселесін шешуді сұраймыз, бұл кейіннен нан, жарма және макарон өнімдері бағасының тұрақтануын қамтамасыз ететін болады.

**Құрметпен,
Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің депутаттары,
«Nur Otan» партиясы
Фракциясының мүшелері**

Ғ. Әміреев

Қ. Абасов

Ә. Рахымжанов

Ә. Әбсеметова

А. Үйсімбаев

Г. Шиповских

Орын. Ж. Бекебаев
Тел.: 74-64-03